

"2009 жылға арналған кәсіпорындар тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемін бекіту туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 38 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 қазандағы № 287 қаулысы. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қарашада № 9-17-86 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2010.01.05 № 2 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 4-тармағының 1-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "2009 жылға арналған кәсіпорындар тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемін бекіту туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 38 қаулысына (2009 жылғы 5 наурызда "Сарыкөл" газетінде жарияланған нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 9-17-75) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. 2009 жылға арналған кәсіпорындар тізбесі, жұмыссыздар және толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкерлер үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемі бекітілсін".

2. Осы қаулы ол алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Ғабдулин

КЕЛІСІЛДІ

"Сарыкөл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығы

Ю. Кондриков

